

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
С.Р. Нұртазаға

2026 жылғы 4 ақпандағы № ДС-37 сауалға

Құрметті Самат Русланұлы!

Сіздің білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, төмендегіні хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының тапсырмасына¹ сәйкес 2025 жылғы қыркүйекте 10,5 мыңнан астам білім беру ұйымы (3673 балабақша (1885 мемлекеттік және 1788 жекеменшік), 6225 мектеп (5570 мемлекеттік және 655 жекеменшік), 655 колледж (382 мемлекеттік және 273 жекеменшік) қауіпсіздік жүйелерімен 100% жаратқандырылған.

Бірыңғай қауіпсіздік стандартын енгізуге қатысты

Білім беру объектілерінде балалардың қауіпсіздігі Терроризмге қарсы қауіпсіздікті ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа² (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес қамтамасыз етіледі, онда терроризмге қарсы қорғауға, өткізу режиміне, профилактикалық және оқу іс-шараларына, инженерлік-техникалық жабдықтармен жаратқандыруға қойылатын талаптарды құқықтық бекіту көзделген.

Нұсқаулықта білім беру ұйымдары 2 топқа бөлінген (оқушылар саны және орналасқан жері бойынша), әр топқа қауіпсіздік жүйелерімен техникалық жаратқандыру талаптары белгіленген.

Анықтама: 1-топ – 700 адамға дейін (бейнекамералар және полицияның Жедел басқару орталығына қосылу, дабыл түймелері), 2-топ – аудан орталықтары мен қалаларда орналасқан (100-ден 700 адамға дейін), сондай-ақ орналасқан жеріне қарамастан персонал мен білім алушылар саны 700 адамнан асатын ұйымдар (1-топтың талаптары және қосымша күзет пен турникет).

Сондай-ақ шараларды күшейту мақсатында жекеменшік білім беру ұйымдарын білім беру қызметіне лицензия³ және мемлекеттік білім беру

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (84-т.).

² Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген.

³ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген.

тапсырысын⁴ алғанға дейін Нұсқаулыққа сәйкес қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге міндеттейтін құқықтық талаптар қабылданды.

Қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылау ішкі істер органдарымен мерзімді негізде (*екі жылда бір рет*) және жоспардан тыс тәртіпте («Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы) жүзеге асырылады. Белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік көзделген (*Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 149-бабы*).

Анықтама: 2023 жылы 5620 білім беру ұйымы тексеріліп, 2900 бұзушылық анықталған. 2024 жылы 6701 объект тексеріліп, оның ішінде 2297 бұзушылық анықталған.

Сонымен қатар, менің төрағалығыммен 2025 жылғы 19 желтоқсанда жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың қатысуымен өткен кеңесте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде қауіпсіздік жабдықтарымен жарақтандыру мәселелері егжей-тегжейлі талқыланды.

Лицензияланған ұйымдармен шарттар жасасуға қатысты

Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша білім беру ұйымдарындағы күзет қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында Күзет қызметтерін сатып алу⁵ жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттама бекітілді, онда күзет ұйымдарына (*білім беру ұйымы орналасқан жер бойынша кеңсе үй-жайының болуы, кемінде 2 жедел әрекет ету тобының болуы, радиобайланыс және т.б.*) және олардың қызметкерлеріне (*жасы 25-тен 50 жасқа дейін, дене және арнайы даярлығының болуы, кәмелетке толмағандарға қатысты өтелген және өтелмеген соттылығының болмауы*) бірыңғай біліктілік талаптары белгіленген.

Лицензияланған күзет білім беру ұйымдарының 100%-ында енгізілген.

Тексерудің техникалық құралдарын енгізуге қатысты

Білім беру ұйымдарында, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда келушілерді бақылау және тыйым салынған заттарды⁶ алып кіруге жол бермеу өткізу режимінің алгоритміне сәйкес жүзеге асырылады, онда күзетшілердің тексеру құралдарын қолдануы көзделген.

Ішкі істер органдары білім беру органдарымен бірлесіп, Нұсқаулық талаптарының сақталуына жүйелі мониторингті (*тоқсан сайын*) және бақылауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, білім беру объектілерінің терроризмге қарсы қауіпсіздігін ұйымдастыру деңгейін арттыру мақсатында оқушылар мен педагогтер арасында төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдылары бойынша теориялық және практикалық сабақтар (*жылына кемінде 2 рет*) міндетті түрде өткізіледі. Аталған іс-шаралар уәкілетті органдарды тарта отырып жүргізіледі.

Анықтама: 2025 жылы 3,3 млн-нан астам оқушы мен педагогті қамти отырып, 47,6 мыңнан астам теориялық және практикалық сабақ өткізілді.

⁴ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген.

⁵ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 112 бұйрығымен бекітілген.

⁶ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін 15 мыңнан астам полиция қызметкері жұмылдырылған. Оқу жылы кезеңінде патрульдеу маршруттары барынша білім беру ұйымдарына жақындатылған.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

А. Балаева